

Өнегелі
өмір

ЗӘКИ АХМЕТОВ




КАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
А. А. А. А. А.



Ө Н Е Г Е Л І Ө М І Р

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Қаз
А 94

*Баспаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Редакциялық-баспа кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Ахметов З.

А 94 Өнегелі өмір / ред. басқ. Ф.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ уни-
верситеті, 2018. Ш. 144. – 380 б., сур.

ISBN 978-601-04-3348-9

Бұл кітап аса көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, әдебиет теоретигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Зәки Ахметовтің 90 жылдық мерейтойына арналады. Жинаққа академиктің өмір жолына, ғылыми шығармашылығына арналған очеркпен бірге таңдамалы еңбектері, фотосуреттері мен мұрағат құжаттары, ол туралы отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері мен мақалалары, сондай-ақ ақындардың арнау өлеңдері енді.

Кітап ғалымдар мен студенттерге, жалпы әдебиетсүйер қауымға арналған.

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Қаз

ISBN 978-601-04-3348-9

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

Құрметті оқырман!

Аса көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор З. Ахметовтің есімі біздің елімізде және шет мемлекеттерде әдебиет теориясының, өлең құрылысы саласының ірі маманы, ғылыми мектептің негізін салушы ретінде кеңінен танылды. Ғалым «Қазақ өлеңінің құрылысы» атты іргелі теориялық еңбегі арқылы ұлттық әдебиеттану ғылымында алғаш рет қазақ өлеңінің тарихи дамуындағы өзгешеліктері мен құрылымын зерттеудің ғылыми жүйесін жасап берді. Бұл осы күнге дейін тек қазақ әдебиеті ғана емес, бүкіл түркітілдес әдебиеттер үшін құнды еңбек болып саналады.

Ғалымның ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі тақырыбы – поэзия теориясы, өлеңтану мәселелері. «Қазақ поэзиясының тілі туралы», «Өлең сөздің теориясы» еңбектерінде поэтиканың ұлттық ерекшеліктеріне жете назар аударып, қазақ өлеңіндегі өлшем мен өрнек үлгілері, олардың түрлену жолдары мен әдістері, тармақ, бунақ, шумақ сияқты өлең бөліктерінің заңдылықтарын арнайы қарастырды, ал 2002 жылы жарық көрген «Қазақ өлеңі теориясының негіздері» атты монографиясында қазақ өлеңін мүлдем басқа қырынан зерделеді, қазақ поэзиясындағы өлең құрылымының жүйесін, силлабикалық, ырғақтық, буындық негіздерін жаңаша пайымдады.

Академик З. Ахметов абайтану ғылымына да үлкен үлес қосты. 1953 жылы Абай шығармаларының канондық мәтінін орнықтыру мәселесі жөнінде абайтануда тұңғыш теориялық негіздеме жасап, ғылыми мақала жариялады. 1954 жылы шыққан «Лермонтов және Абай» атты монографиялық зерттеуі – қазіргі ғылыми еңбектерге молынан азық боларлық тың жаңалықтарға толы еңбек. Абайдың орыс классикалық поэзиясымен байланысын, аудармашылық кемеңгерлігін ұғыну үшін бүгін де маңызын жоймаған іргелі зерттеу болып қала береді.

«Абайдың ақындық әлемі» монографиясы ғалымның көп жылғы ізденістерінің нәтижесі іспетті Абайды жаңаша қырынан танытқан елеулі еңбегі болды. Ғалым Абай шығармашылығын сата-салаға бөліп, әр қырынан қарастырды, бұрын арнайы айтылмай келген өзекті мәселе – Абайдың ақындық өнер мен ән-күй туралы толғаныстарын алғаш рет жан-жақты саралады. «Абай»

өрлей беруіне тілектестікпен. Зәки Ахметов. 27.VI.95», – деп қолтаңбасымен сыйлады. Ғалымның бұл сөздері мен үшін ол кісінің батасын алғанмен бірдей еді.

Соңғы кезде абайтануға ауысқалы бері Зәкең шаршап жүрді. Бірде бөлімге арнайы келіп, Ұлан Еркінбаевты әкеліп таныстырды. «Бұл осы бөлімге сай жігіт, теорияға көзін ашу керек», – деді. Шынында, Ұлан бүгінде ғалым артқан сенімді ақтап келеді.

Зәкең ағыл-тегіл сөйлейтін, бірақ қос тілде бірдей жазуы анық емес еді. Мысалы, академик С. Қирабаев күні бүгінге дейін өзінің Ж. Аймауытовтікіндей әдемі, орнықты жазуымен бізді таңғалдырады. Ал Зәкең болса жазған нәрсесін кейде өзі түсінбей, «Мынаны қай сөз деп оқуға болады, асығып отырып жазып едім», – деп қиналатын. Содан бүкіл бөлім болып қолжазбаны қараушы едік. Сонда мен: «Зәке, неге асығып жазасыз?» – деп сұраймын. Зәкең: «Бір нәрсені ойлағанда сол туралы ойлар жан-жақтан келеді. Соны қолмен жазуға көбіне үлгере алмай қаламын. Сондықтан сөзді қысқартып түсіре беремін. Әйтпесе келген ойларды қағазға түсіріп үлгермеймін. Кейін өзің де түсінесің», – деп жауап беретін.

«Зәке, «Казакское стихосложение» атты кітабыңыз – ерекше теориялық еңбек», – деп үнемі айтып жүретінбіз. Сонда академик ағамыздың: «Әркімнің өзіне жақын, жүрегінен шыққан зерттеуі болады. Мен үшін бұл кітап барлық лауазымымнан да жоғары. Бұл еңбекті бітіргенде өзім іштей осым дұрыс болды деп қанағат қылып едім», – деп айтқаны есімде қалыпты.

М.О. Әуезов атындағы киелі шаңырақта қызмет атқарып, алдыңғы буын ағалардың салиқалы әңгімесін тыңдап, осыдан 10 жыл бұрын қазақша сөйлемейтін мен енді қазақша жазатын да болдым. Ақсақал ағаларымыздың жастарға осындай үлгі көрсеткенін біз мойындауымыз керек.

Зәкең адам баласы туралы жаман сөз айтпайтын. Тек қазіргі бір ғылым докторы туралы айтқан (ол қорғайын деп жүрген кезде) бір ғана теріс пікірін естідім. Шынында да, ол ғалым атақ-марапаттарға ие болғанымен, бүгінгі күні пендешілігі басым кісі. Зәкең айтқандай: ғалымдық пен «батыраштық» бір адамды екі жаққа тартып қана қоймай, әлекке салады екен. Бұл Зәкеңнің мені сақтандырып айтқан сөздері екенін енді түсіндім.

1995 жылы Гүлзияның әкесі қайтыс болды. Сол үйге көңіл айтып барған кезде Зәкең тұңғыш рет (біздің ортамызда) Құран

оқыды. Мақаммен, әр буынды анықтап оқыды. Біз таңғалдық. Кейін: «Бұл дұғаларды бала кезімде әкемнен естуші едім, сол бүгінде ұмытылмапты», – деп айтып еді.

Зәкең анасына топырақ сала алмағанына өкінетін. Анасы өмірден өтіп, жерлеп жүргендерді көргенде: «Әке-шешесін баласының жөнелтуі жөн ғой...» – деп ой тұңғығына батушы еді. Анасынан кейін Зия апаны ерекше сыйлайтын. Ал бүгін сол Зия апам Зәкеңнің мұрағатын жүйелеп, мазмұнын менгеріп: «Қасымда емес, төбеме көтеріп жүретін алтын адам екен-ау!» – деп Зәкеңді жоқтап отыр.

Академик ағаларымыз бар, абайтанушылар бар, солардың ішінде Құран оқитын тек Зәкең еді. Соңғы жылдары Құран туралы сөз ететін, мақамына ерекше мән беріп, беріліп оқитын. Зия апамыздың айтуынша, нағашылары молда болған екен. Әрине, бұл мәлімет кеңес кезінде айтылмады. Төрт ағайынның ішінде бір өзінің аман қалуы тегін еместігін Зәкең сезетін. Анасын ерекше қадірлейтін. Зәкеңнің мәдениеттілігіне Зия апаның тікелей қатысты екені түсінікті.

Көп мәселені «осыны уақыт бөліп ойлашы» деп маған аударып қана қоймай, пікірімді талап ететін. Бұл жастарға назар аудару ғана емес, олардың жаңа ғылыми пікірімен санасу екенін енді түсініп жүрмін. Ғалымның өзінің балаларымен жасты бізге «сіз» деп сөйлеуі ерекше зиялылықтың белгісі, ізгілік пен мәдениеттілігінің үлгісі болып қала бермек. Зәкеңнің ағалық, тұлғалық, ұстаздық істерінің жемісті болғанын біз әр кезде есте сақтаймыз.

*Светлана АНАНЬЕВА,
кандидат филологических наук, доцент*

КАЗАХСКАЯ И РУССКАЯ КЛАССИКА В ТРУДАХ АКАДЕМИКА З. АХМЕТОВА: ТИПОЛОГИЯ ВЗАИМОДЕЙСТВИЙ

Современное состояние гуманитарного знания демонстрирует разные методы и подходы к изучению литературы, «прослеживая и высвечивая одновременно национальные, инациональные или наднациональные факты» [1, с. 71]. Но в основе их всегда будет, по мнению В. Багно, классическая методика, сложившаяся «как результат усилий нескольких поколений компаративистов» [1, с. 72].

Связь между казахстанской и российской филологической науками олицетворял научной биографией и творческим наследием академик НАН РК Заки Ахметов. Лауреат Государственной премии, доктор филологических наук, профессор Заки Ахметович Ахметов родился 4 мая 1928 года в живописном ауле Узынбулак Айыртауского административного округа Уланского района Восточно-Казахстанской области, окончил среднюю школу в Лениногорске. В 1943 году З. Ахметов поступает на отделение журналистики филологического факультета Казахского государственного университета.

Учеба в аспирантуре Института востоковедения АН СССР в Ленинграде. Блестящая защита кандидатской диссертации «Лермонтов и Абай» в 1951 году на восточном факультете Ленинградского университета. В период учебы в аспирантуре опубликованы научные статьи «Новое о переводах Лермонтова», «Пушкин и Абай» и другие в «Вестнике АН СССР», «Тюркологическом сборнике», «Вестнике ЛГУ».

Широкое признание получает ученый-литературовед после выхода в свет в 1954 году книги «Лермонтов и Абай», в которой не только глубоко осмыслены процессы творческого восприятия Абаем произведений русских классиков, особенно Лермонтова, но и впервые четко определен круг переводов Абая, устранены имевшие место неточности. Абаеведение стало призванием для молодого ученого.

Научная биография теоретика литературы формируется в стенах Института языка и литературы Академии наук КазССР, где он работает научным сотрудником в 1951–1975 годах, и Казахского государственного женского педагогического института, деканом филологического факультета которого он был.

Глубокая эрудиция, классическая литературоведческая подготовка, умение сформулировать и обозначить определяющие тенденции литературного процесса отражены в монографиях «Казахское стихосложение» (1964), «О языке казахской поэзии» (1970), «Теория поэтического искусства» (1973), «Современное развитие и традиции казахской литературы» (1978), «Поэтика эпоса «Путь Абая» в свете истории ее создания» (1984), «Поэтический мир Абая» (1995) и в учебном пособии «Роман-эпоса Мухтара Ауэзова» (1997).

«Самого положительного отзыва», по словам академика В.М. Жирмунского, удостоилась докторская диссертация З.А. Ахметова «Казахское стихосложение» (1965). Ее автор использовал «большие

знания зрелого и самостоятельного ученого как в области родной ему казахской литературы и фольклора, так и в обширной научной общей и тюркологической библиографии предмета его исследования». В 1966 году ученому-литературоведу присвоено звание профессора. Член-корреспондент АН КазССР З.А. Ахметов работает заместителем директора, а позднее директором Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова АН КазССР, академиком-секретарем Отделения общественных наук АН КазССР, вице-президентом АН КазССР. С 9 июня 1986 по декабрь 2001 года – заведующим отделом теории литературы и методологии литературоведения. С января 2001 по 15 декабря 2002 года – заведующим отделом абаеведения и новой литературы Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова. За монографию «Современное развитие и традиции казахской литературы» в 1980 году З. Ахметов удостоен премии имени Ч. Валиханова I степени АН КазССР. За цикл работ по изданию и научному изучению творческого наследия Абая ему присуждена Государственная премия РК за 1996 год в области литературы, искусства и архитектуры. З.А. Ахметов – почетный профессор Восточно-Казахстанского университета, академик Международной Айтматовской академии (Бишкек).

В год празднования юбилея великого Абая вышла в свет книга З.А. Ахметова «Абайдың ақындық әлемі» [2]. «Поэтический мир Абая» – итог многолетних научных поисков известного ученого, труды которого получили научное признание литературоведческих школ Казахстана, России и Кыргызстана. Мир Абая многогранен и велик как сама личность классика казахской литературы, поэта-философа, мыслителя, общественного деятеля, просветителя, композитора. «Письмо Татьяны», «Слово Татьяны» («Ответ Онегину»), «Зрачок моих глаз», «Горные вершины»... Абай не только перевел их на родной язык, но и написал мелодию.

Принцип «триединства» в стихах: разум, чувство и воля, размышления о необходимости приобщения к знаниям, призыв к просвещению, утверждение принципа справедливости, гуманности – позволяет говорить об Абае как о поэте социального плана. Поэтический мир Абая содержит и поэтические размышления о степных правителях, о государственности Казахстана, о доле женщины. «Совершенный человек» для Абая – это человек, в характере которого идеально сочетаются трудолюбие, честность,

справедливость и талант. Поэт тонко передает психологию персонажей, их душевное состояние. Абай – психолог и одновременно глубочайший лирик. В его наследии представлена и интимная лирика, и пейзажная, здесь и размышления о поэтическом искусстве, поэзии, сатире.

Стремление приобщиться к мировой культуре, созвучность с русской классикой, совершенствование личности – ведущие мотивы лирики Абая. Тема духовного одиночества роднит его поэзию с русской классикой. Переводы из Пушкина, Лермонтова, Крылова, Бунина, Полонского... Так, известны несколько вариантов перевода монолога Ленского из «Евгения Онегина» А. Пушкина. Особенно близок Абаю Лермонтов. Перу великого казахского поэта принадлежат переводы «Думы», «И скучно, и грустно», «Молитвы», «Вечера», отрывков из «Вадима», «Демона», «Мцыри» М.Ю. Лермонтова.

В монографии «Поэтический мир Абая» З. Ахметов определяет авторство ряда произведений, ранее переведенных Абаем, исследуя его творчество в тесной связи с предшественниками и продолжателями поэтических традиций (Магжан, Шакарим, Султанмахмут). В этом – научная ценность и уникальность монографии З. Ахметова «Абайдын ақындық әлемі».

Знакомство с академиком Заки Ахметовичем Ахметовым оставило неизгладимый след в судьбе филологов и литературоведов не только Казахстана, но и многих стран мира, где он выступал с научными докладами на симпозиумах и конференциях самого высокого уровня. Личное обаяние ученого, его строгий ум, готовность все делать по максимуму, мастерское владение словом, несомненный талант лектора навсегда сохранятся в душах и сердцах коллег, учеников и последователей. Выступления и научные доклады Заки Ахметовича были глубоки, всеохватывающи, афористичны и блистательны. Они редко были строго академичны. Он отлично чувствовал настроение зала, мог привести яркий пример, разрядить обстановку удачной и корректной шуткой.

Интерес к Абаю у Заки Ахметовича был неотделим от интереса к М.О. Ауэзову, автору романа-эпопеи о выдающемся философе, поэте, мыслителе. Вспоминается яркое и образное выступление Заки Ахметовича на юбилейной сессии Общего собрания Министерства науки – Академии наук «М.О. Ауэзов – великий писатель и гуманист XX века». Известный ученый только что завершил работу над

новым исследованием «Роман-эпопея Мухтара Ауэзова». В нашу духовную жизнь Мухтар Ауэзов «вошел молодым – стремительно и ярко, – отметил в своем докладе «М.О. Ауэзов – классик казахской литературы XX века» академик НАН РК З.А. Ахметов, – поразив всех необыкновенной силой своего художественного дарования. Он, быть может, первым понял, что Абай для казахской национальной культуры нового времени как Пушкин для русской культуры является “началом всех начал”» [3, с. 52].

Новым взглядом на мощную, выросшую из глубины народной жизни, впитавшую ценности мировых культур, фигуру выдающегося просветителя Абая Кунанбаева привлекает внимание исследователей и сегодня учебное пособие З. Ахметова «Роман-эпопея Мухтара Ауэзова» [4]. Раскрывая творческую лабораторию писателя, Заки Ахметович подчеркивает, что к творчеству Абая М. Ауэзов проявлял пристальный интерес начиная с 20-х годов XX века: собирал и изучал материалы, публиковал статьи об Абае и отдельные его стихотворения, составил биографию поэта, дополненную новыми материалами. Всей своей жизнью и предыдущим писательским опытом М.О. Ауэзов был подготовлен к осмыслению и воссозданию художественного образа великого поэта-просветителя. Ауэзов как художник эпического склада мог полностью реализовать свой творческий потенциал в эпическом полотне, ярко воссоздающем картину жизни казахского общества.

Взгляд Ауэзова на историю казахского народа и литературу опирался на социальный опыт новой исторической эпохи, пробудившей в начале XX века общественное сознание передовой части казахского народа, выдающихся деятелей литературы, культуры и общественной мысли: Алихана Букейханова, Ахмета Байтурсынова, Миржакипа Дулатова, Жусипбека Аймауытова, Магжана Жумабаева и др. Мухтар Ауэзов глубоко осознавал устремленность творчества Абая в будущее, историческую прозорливость великого поэта и мыслителя. Первоначальный вариант (роман из трех книг) трансформировался в четырехтомную эпопею, посвященную историческому прошлому казахского народа. З. Ахметов пишет: «Углубленное исследование эпохи Абая дало возможность Ауэзову яснее видеть современную жизнь, ее сложности и противоречия и, наоборот, причастность к современной идеологической борьбе и хорошее знание взаимоотношений людей помогали глубже осмыслить события истории. В роман-эпопею вошло многое, что было выношено и

выстрадано писателем в его нелегкой жизни. Но самое важное здесь состоит, пожалуй, в том, что непоколебимая вера Абая в правду и справедливость отражает и жизненную позицию самого Ауэзова» [4, с. 7].

Композиционно в книге выделены основные главы: «Масштабы замысла – художественная правда историзма», «Становление поэта – этапы жизненной борьбы», «Поэт и народ: Абай – выразитель дум народа», «Мастерство писателя: черты поэтики». Автором ее проблемно ставятся и в полном объеме освещаются вопросы соотношения художественной и исторической правды, художественной трактовки образа исторической личности, раскрытие роли народа как движущей силы истории, степень участия художественного вымысла в процессе реалистической типизации персонажей и многое другое.

Конкретны исторические рамки произведения: вторая половина XIX века. Но в том и ценность романа-эпопеи, что произведение вмещает не только исторически конкретное время, но и художественно-обобщенно дает многовековую историю народа в движении и развитии, а традиции и обычаи, нравы общества изображаются как сложившиеся веками. Своеобразие художественного метода Ауэзова заключается прежде всего в глубоком осмыслении жизненных конфликтов в социальном аспекте и в сочетании социального анализа поступков с психологическим анализом, глубокое раскрытие социальных и нравственных проблем.

Несомненное научное достоинство книги определяется тем, что автор привлекает архивные, документальные и рукописные материалы, в том числе материалы из рукописного архива писателя, тексты ранних изданий, черновые варианты, в большинстве своем еще не включенные в научный оборот. З. Ахметов пишет о том, что в романе-эпопее «почти совершенно отсутствует Халиулла Ускембаев, младший брат Абая. Он учился в Омском кадетском корпусе, затем в Москве в Павловской кавалерийской школе, стал корнетом. Человек образованный, широко эрудированный, он хорошо знал русскую литературу. Это о нем позже, в 1896 году писал Г. Потанин, что “он любил рассказывать своим землякам содержание русских повестей и романов...”» [4, с. 188].

Книга «Роман-эпопея Мухтара Ауэзова» особенно дорога для меня. Мы работали над текстом вместе с Заки Ахметовичем, который попросил отредактировать рукопись. Книга хранится в домашней

библиотеке с автографом автора: «Глубокоуважаемой Светлане Викторовне с пожеланиями творческих успехов. Заки Ахметов. 1.IX. 1997». Современное значение «Пути Абая» определяется в значительной мере тем, что произведение заставляет читателей думать о жизни и долге человека, о необходимости утверждения духовности в жизни общества, борьбе против социальной несправедливости. Идея о том, что Казахстан стоял на рубеже XIX–XX веков на пороге больших социально-исторических перемен, получившая сильное звучание в эпопее, созвучна нашему времени.

Интерес мировой науки и общественности к казахской литературе и искусству, к творчеству М.О. Ауэзова, одного из выдающихся мастеров художественного слова XX века, и его бесценному духовному наследию, как провидчески подчеркнул Заки Ахметов, выступая на юбилейных торжествах, посвященных 100-летию со дня рождения классика казахской и мировой литературы, отмечаемых под эгидой ЮНЕСКО в 1997 году, «несомненно, будет возрастать» [3, с. 53]. Что и подтвердил Международный научный симпозиум «М.О. Ауэзов и духовное возрождение нации», проведенный Институтом в прошлом году, в год 120-летия со дня его рождения. В Международном форуме приняли участие литературоведы Беларуси, Великобритании, Кыргызстана, России, США, Татарстана, Турции, Узбекистана, высоко оценив вклад казахского прозаика в мировую культуру.

З.А. Ахметов проводил значительную научно-организационную работу как член Президиума АН КазССР (1976–1986), был председателем специализированного совета по защите диссертаций Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова на соискание ученой степени доктора и кандидата филологических наук (1981–1990). Занимался большой общественной работой как член Президиума Казахского общества дружбы и культурных связей с зарубежными странами, Комитета по Государственным премиям Казахстана, Советского комитета защиты мира, правления Республиканского общества «Знание», Бюро Отделения общественных и гуманитарных наук АН РК, специализированных советов по защите диссертаций Казахского национального университета имени аль-Фараби, Кыргызского государственного университета.

Прочными и крепкими были научные и творческие связи академика З.А. Ахметова с коллегами из соседнего Кыргызстана. Выступая на Международной научной конференции, посвященной

1000-летию кыргызского эпоса «Манас», состоявшейся в Алматы в августе 1995 года, размышляя о поэтике эпоса и эпической традиции в тюркской поэзии, З.А. Ахметов рассматривал «Манас» «не просто как прошлое кыргызского народа, исторический памятник, но и как живое творчество» [5, с. 110]. На основе анализа текстов он пришел к выводу, что «Манас» написан семи-, восьмисложным стихотворным размером. Ритмическая основа кыргызского и казахского стиха – едина. «Манас» содержит много ценных сведений по истории казахского народа, в том числе и о казахских ханах. В казахских жырах есть строки из «Манаса». Одну из его глав «Поминки Кокетай хана» перевел Чокан Валиханов. О записи Валиханова писал выдающийся казахский деятель Алихан Букейханов. В 50-е годы XX века, когда эпос подвергся критике, его отстоял М.О. Ауэзов. Будучи аспирантом, академик А.Х. Маргулан познакомил русскую общественность с казахским текстом из «Манаса».

Академик З. Ахметов отметил роль русских исследователей В. Радлова и Г. Потанина в изучении выдающего памятника культуры – эпоса «Манас».

Под руководством Заки Ахметовича было издано немало коллективных трудов. В 1996 году издательством «Ана тілі» выпущен на казахском языке объемом 21 печатный лист «Словарь литературоведческих терминов» [6], авторским коллективом которого руководил академик З.А. Ахметов. Новые подходы к составлению и расположению материала позволили уйти от идеологических оценок, осветить такие крупные и важные проблемы как преемственность, традиции, новаторство, национальный стиль, литературные взаимосвязи. В «Словаре» даны понятия, раскрывающие специфику казахского стихосложения, образной системы, стилистики. Авторы словаря, сохраняя наработанное, пытались отразить новейшие достижения науки, обогатившие терминологию. Освещен самый широкий круг проблем – литературные направления, течения, общественные функции изящной словесности, ее специфика. Представлены поэтика, структура художественного произведения, компоненты содержания (тема, идея, характеры, сюжет) и т. д.

Термины создавал, как известно, и сам народ, и они сохранились в языке. Но очень много для разработки системы понятий, связанных с системой казахского стихосложения, сделал талантливый исследователь казахской литературы, языковед Ахмет Байтурсынов,

выпустивший еще в 1926 году «Әдебиет танытқыш» («Введение в теорию литературы»). Это был первый научный труд на казахском языке в области истории и теории литературы, в котором содержались размышления о критическом реализме, советы о принятии казахской литературой традиций европейской критической мысли того времени, рассматривались вопросы взаимовлияния и взаимообогащения литератур.

Последней по времени написания и издания является монография З. Ахметова «Верх поэзии – мудрость», опубликованная в 2002 году. Автор исследует общетеоретические проблемы: вопросы теории поэтической речи, особенности казахского поэтического языка и национального стихосложения в контексте основных этапов исторического развития словесного искусства, историко-литературного процесса, особенно – творчества Абая. Большое внимание уделено образности и метафоричности поэтической речи.

В Москве в 2003 году в серии «Эпос народов Евразии» увидел свет отдельный том, посвященный казахскому романическому эпосу – «Козы-Корпеш и Баян-сулу», «Кыз-Жибек» [7]. В обстоятельной научной статье З.А. Ахметова и С.А. Каскабасова «Казахский романический эпос», включенной в данное издание, прослеживается история его возникновения и функционирования. Как считают ученые, казахский романический эпос как самостоятельный художественный жанр сформировался в период Казахского ханства, но его отдельные сюжеты и мотивы возникли в более отдаленное время. Некоторые из них восходят к эпохе родового строя и древнетюркского государства. Создание крупных эпических романических произведений «Козы-Корпеш и Баян-сулу» и «Кыз-Жибек» ученые относят к XVI–XVIII векам и определяют жанровый состав романического эпоса, к концу XVIII–XIX веков получившего дальнейшее развитие.

Жизнь Заки Ахметовича трагически оборвалась. Но светлый облик известного ученого-литературоведа, его книги и монографии, коллективные труды под его научным руководством будут востребованы новыми поколениями ученых Казахстана, литературоведов и гуманитариев. Выстраивать слова, строго придерживаясь стиля; погружаться в поэтические лабиринты; изучать конкретные связи литератур, относящихся к разным национальным культурам; оперировать современными подходами и исследовательскими приемами Заки Ахметович мог блистательно. Отсюда – признание его

высочайшей образованности и компетентности в вопросах истории и теории литературы, профессионализма и творческой одаренности.

Литература:

1. Проблемы современного сравнительного литературоведения / Под ред. Н.А. Вишневской, А.Д. Михайлова. – Москва: ИМЛИ РАН, 2004. – 96 с.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 с.
3. Мамраев Б., Ананьева С. Юбилейная сессия Общего собрания МН-АН РК «М. Ауэзов – великий писатель и гуманист XX века» // Ананьева С. Встречи, которые выбрали нас. – Алматы: Школа XXI века, 2004. – С. 51-56.
4. Ахметов З. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. – Алматы: Санат, 1997. – 288 с.
5. Ананьева С. «Манас» и современность // Ананьева С. Встречи, которые выбрали нас. – Алматы: Школа XXI века, 2004. – С. 108-110.
6. Словарь литературоведческих терминов / Отв. редактор З. Ахметов. – Алматы: Ана тілі, 1996.
7. Козы-Корпеш и Баян-сулу. Кыз-Жибек / Отв. редакторы С.С. Кирабаев, Е.А. Поцелуевский. – Москва: «Восточная литература» РАН, 2003. – 493 с.

Гүлзия ПИРӘЛИЕВА,

филология ғылымдарының докторы, профессор

«ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ – РУХАНИ ӘДЕМІЛІКТІҢ БАСТЫ ШАРТЫ»

«Ғұлама, артында екі нәрсе қалдыр: кітап және шәкірт» деген екен атақты Аристотель. Сол айтқандай, ғұлама ғалым, көрнекті абайтанушы, академик Зәки Ахметовтің артында қалдырған мол мұрасы да, бар байлығы да – кітаптары, өзі жазған ғылыми-зерттеу еңбектері. Олар – ғалымның «кинемен құдық қазғандай» табанды ұзақ жылдар бойы маңдай тері мен көз майын тауыса жүйелі түрде бір бағытта еңбек етуінің нәтижесі. З. Ахметов – өзінің өнегелі өмірінде бір ғана саланы, атап айтсақ, кез келген зерттеушінің зердесі мен зейіні, өнері мен өресі жете бермейтін өлеңтануды егжей-тегжейлі зерттеп, алған бетінен айнымаған ғалым. Ғылым – адамның өзіне біржола берілгенін және жол-жөнекей шашылмағанын ұнататын сала. «Тамшы тама берсе тасты да теседі» дегендей, табанды адам ғана ғылымды шегіне жеткізіп, жүйелей алады. Және ғылым дегеніңіз – ерінбей еңбек ету деген сөз.

Жастайынан алған бетінен қайтпауға дағдыланған ғалым әр нәрсемен шұғылдана беруден істе тәртіпсіздік орнайтынын ойлап, бала кезден жанына жақын тақырыбы – поэзияның құпия-сырларына қанығуға қызыға кіріскен. Абай мен Лермонтов поэзиясындағы

ортақ үндестік оны бейне бір скрипканың қос ішегіндей өзіне іңкәр етіп, баурап алған-ды. Зерттеуші еңбектерінде қазақ сөз өнерінің, шешендік өнерінің дәстүрін, даму жолын, поэтикалық қуатының құндылығын әлемдік деңгейдегі соны құбылыс ретінде қарастырады. Абай шығармаларының әдеби-ғылыми айналымға енуінің өзі түркі әлеміндегі тіл-ой өнерінің озықтығын паш етсе керек.

Зәки Ахметов тумысынан шешен болатын. Ал шешендік деген – даналық деген сөз. «Дана адам ғана шешен сөйлей алады», – деп көрнекті ғалым, өнер зерттеушісі Асқар Токпанов айтқандай, Зәкенді ағылтып тұрған да сол ақыл-ойдың тереңдігі, ішкі рухтың қуаты, бүкіл аудиторияны билеп алатын ағыл-тегіл білімі болатын.

Академик Абайдың бүкіл шығармасын жатқа айтатын, оның аудармаларының әрбір жолының орыс тіліндегі нұсқасын да жолма-жол келтіріп, талдағанда ол кісінің зеректігіне, алғырлығына кез келген адам таңғалатын. Ол кісіде қағаз деген болмайтын, тек дәптердің төртке бөлініп, жазылған жұрнақтары ғана болатын. Олардың бәрі негізгі ойды нақтылайтын тезистер ғана еді.

Зәки аға шәкірттеріне үлкен жанашырлықпен қарап, туған әкесіндей қамқорлық жасайтын ұстаз еді. Оны біз ағаның шәкірті Тұрсын Шанбай деген жігіттің әңгімелерінен байқайтынбыз. Тұрсын тап бір сол кісінің еншілес баласындай шаңырағында жиі қонақта болып, ұл-қыздарын да ертіп барып, бай кітапханасынан кітаптар алып пайдаланып жүргенін, тіпті, қызына скрипка керек болған кезде Зәкеннің сол музыкалық аспабын сұрап алғанын естіген едік. Кейін оны кеңпейіл, дарқан жүректі ұстазының біржола сыйлағанын естігенде таңғалғанымыз бар. Біріншіден, бұл аспап өте қымбат болса, екіншіден, Зәки Ахметов сынды сирек академик орындаушының тарихи құнды заты емес пе еді?! Бұл шығармашылық жұмыстан шаршаған сәтінде серпіліп, өзінің шебер орындауындағы сазды әуенмен тынығатын Зәкеннің шынында да өте қарапайым, жомарт жан екендігін дәлелдесе керек.

Енді өзіме қатысты бір деректі айта кетейін. Докторлық жұмысымды жазып жүрген кезімде ағамен бір әңгімелескенімде өзінде күлкі теориясына, кейіпкердің кескін-келбетіндегі ым-ишаратты бейнелеудегі күлкінің көркемдік қызметіне қатысты жақсы бір кітаптың бар екендігін айтып қалды. Жалма-жан: «Аға, осы кітабыңыз маған керек екен, бере тұрасыз ба?» – деп сұрап едім, «Жарайды, бір әңгіме айтсаң қыздар өстіп қинайды, көп кітаптың ішінен іздеп көрейін, қайда жатқанын

МАЗМҰНЫ

Бас редактордың кіріспе сөзі	5
Зәки Ахметов	7
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын басқарған директорлар	8
Қорабай С. ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметтері туралы очерк.....	9
Мұрағат құжаттары.....	22

Зәки Ахметовтің таңдамалы еңбектері

Өлең сөздің теориясы	
Қазақ өлеңінің құрылыс-жүйесі	30
Елдік пен еркіндіктің жаршысы	58
Қазақтың бас акыны	66
Жамбылдың акындық шеберлігі.....	73
Шәңгерей акын.....	84
Шәкәрім – қазақ әдебиетінің классигі	105
Сұлтанмахмұт акын	113
Абай шығармаларының орысша аудармалары хақында.....	130
Абай және Әуезов	143
Абай және әлемдік әдебиет	158
Абайтану және ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдері	166

3. Ахметов туралы лебіздер, мақалалар, естеліктер

Жирмунский В.М. О докторской диссертации З. Ахметова.....	174
Кенжебаев Б. Отзыв на докторскую диссертацию З.А. Ахметова	176
Нуртазин Т. О книге З. Ахметова «Казахское стихосложение»	180
Қирабаев С. Зерделі ғалым	181
Қабдолов З. Өмірі – үлгі, өнері – өнеге.....	185
Дербісалин Ә. Шеберлік сырын толғаған	188
Елеукенов Ш. По нехоженой тропе	192
Бердібай Р. Ғылым тұнығына бойлаған	197
Нұрғали Р. Академик Зәки Ахметов – ғалым, энциклопедияшы ...	201
Жармұхамедұлы М. Кең құлашты ғалым	204
Нарымбетов Ә. Ғылымның жарық жұлдызы	207
Құндақбайұлы Б. Нағыз ғалым еді.....	209
Қабышев Ғ. Тарихтан өшпес тұлға.....	212
Жұмағұлов Ш. Зәки әр уақытта біздің есімізде	216
Қаскабасов С. Академик Зәки Ахметов	218

Егеубаев А. Абай мектебінің академигі	227
Найзағарин Т. Жалынды өткен бір ғұмыр	234
Қалижанов У. Зәки Ахметов әлемі	238
Дәдебаев Ж. Табиғатында асыл нұры, киелі қасиеті бар	245
Джуанышбеков Н. Маэстро	254
Акматалиев А. Заки ағай кыргыз оқушыларының мектебі	257
Әбдәзұлы Қ. Ұстаз тағылымы	260
Майтанов Б. «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен»	264
Садықов А. Эстен кеткіс Заки-аға!	270
Әбдіғазизұлы Б. Ғалымның гибратты ғұмыры	272
Тілепов Ж. Ғұлама	276
Негимов С. Академик Зәки Ахметов – казак өлеңінің теоретигі	283
Ісмақова А. Зәкең туралы естелік	291
Ананьева С. Казахская и русская классика в трудах академика	
З. Ахметова: типология взаимодействий.....	297
Пірәлиева Г. «Қарапайымдылық – рухани әдеміліктің басты шарты»	306
Садықов Х. Ученый с мировым именем	309
Бекниязов Т. Зиялы парасат.....	316
Кунаев Д. Памятные встречи	320
Омарұлы Б. Тектілік теориясы.....	323
Хамраев А. Ұстаз	335
Тусупова А. Все остается людям	337
Оразбек М. «Арттағыға сөзің мен ісің қалса...»	339
Көшенова Т. Өзгенің қуанышына шын қуана білетін	344
Омаров Қ. Зәкен ғажап адам еді.....	345
Насыркызы З. Зәки туралы сөз.....	348
Ойсылбай А.Т. Академик Зәки Ахметов зерттеулеріндегі Абайтану мәселелері.....	350

Арнаулар

Әбдірахманқызы Т. Сөз сырын саралаған саңлақ дүлдүл	356
Өмірбек Ж. Туа біткен күдіреті.....	357
Қанафин А. Академик Зәки Ахметұлына	358
Қосан С. Бақұл болыңыз, жан аға!	359
З. Ахметов еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші	361
З. Ахметовтің редакциясымен шыққан еңбектер.....	368
З. Ахметовтің құрастыруымен шыққан басылымдар	369
З. Ахметовтің ғылыми жетекшілігімен қорғалған диссертациялар	371
З. Ахметовтің өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері.....	373